

«БЕКІТЕМІН»

«Алматы дарыны»



дарынды балалар мен талантты

жөніндегі орталығы анықтау және қолдау

жеке настың орталықтың директоры

Ж. Айтпаева

2022ж.

**2-7 сынып оқушыларының «Зерде» респубикалық байқауының
зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының
қалалық кезеңін өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласы Білім басқармасының қолдауымен «Алматы дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығы» жыл сайын 2-7 сынып оқушыларының ғылыми жобалары мен шығармашылық жұмыстарының респубикалық «Зерде» байқауының қалалық кезеңін (бұдан әрі – Байқау) өткізеді.

2. Байқаудың негізгі мақсаты – балалардың зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту, кіші және орта жастагы мектеп оқушыларының интеллектуалдық- шығармашылық әлеуетін ынталандыру болып табылады.

3. Байқаудың негізгі міндеттері – зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытқан қабілетті және дарынды оқушыларды анықтау, оларға қолдау көрсету, оқушылардың үздік жетістіктерін көрсету және насихаттау, өзара қарым-қатынастарын ұйымдастыру, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін дамыту проблемасына көпшіліктің назарын аудару.

II. Байқау қатысушылары

1. Байқауга жас зерттеушілер – 2-7 сынып оқушылары жеке және командалық (2 қатысушыдан көп емес) ғылыми жобалар мен шығармашылық жұмыстарды (бұдан әрі – конкурсның жұмыстар) ұсынады.

III. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Байқауды дайындау мен өткізу бойынша жұмысты координациялау және жүзеге асыру үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

2. Ұйымдастыру комитеті конкурсның қорытынды кезеңін дайындауға және өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады, қазылар алқасының құрамын, байқаудың қорытынды кезеңін өткізу бағдарламасын, қатысушы-командалардың тізімін бекітеді, Конкурстың қорытындысын шығарады және женімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайты.

3. Қазылар алқасының құрамы әр түрлі ғылым саласындағы мектептерден, колледждерден, жоғарғы оку орындарының алдыңғы қатарлы мұғалімдерінен құралады.

4. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын тексереді және бағалайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

5. Байқау төрт кезеңде өткізіледі:

- 1) бірінші кезең – мектепішілік;
- 2) екінші кезең – аудандық (плағиатқа тексеру);
- 3) үшінші кезең – қалалық (қорғау);
- 4) төртінші кезең – қорытынды, республикалық (қорғау);

6. Қалалық кезеңге әр ауданнан 4-тен аспайтын үздік жұмыс (2-4 сыныптар арасында 2, 5-7 сыныптар арасында 2) әр бөлім бойынша жіберіледі. Қалалық кезеңде байқау жұмыстары қорғалады, қатысушыларға қорғауға 10 минут уақыт беріледі.

7. Конкурсқа ұсынылған жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

8. Аппеляция қарастырылмайды.

ІҮ. Байқауға ұсынылатын жұмыстардың ресімделуіне қойылатын талаптар

1. Конкурсқа 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары келесі секциялар бойынша қабылданады:

- 1 секция - қазақ тілі мен әдебиеті;
- 2 секция - орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі;
- 3 секция - математика, информатика;
- 4 секция - физика, техника;
- 5 секция - медицина, психология;
- 6 секция - тарих, өлкетану, этномәдениеттану;
- 7 секция - химия, биология;
- 8 секция - экология, валеология;
- 9 секция - робототехника.

2. Әрбір багыт бойынша зерттеу жұмыстары теориялық, эксперименттік, ойлап тапқыштық негізде болады. Жұмыс қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Жұмыстың көлемі 20 беттен аспауы керек. Беттерін нөмірлеу және жиегін қалдыру міндettі.

3. Әрбір конкурстың жұмыс жетекші рецензиясымен және маманның рецензиясымен қоса берілуі, тандалған тақырыптың мақсаты мен пайдалылығы, автордың жұмысқа қосқан жеке үлесін, артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсететін болуы керек. Конкурстың жұмыстың ресімделуіне ғылыми жетекшілер жауапты.

4. Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптары:

- жұмыс мәтіні компьютерде WORD, 14 әріп, 1,5 жоларалық, солдан шегініс 2 см терілген болуы және мыналардан тұруы керек:
 - титул парагы;
 - мазмұны;
 - түйіндеме (аннотация) – жұмыстың негізгі мазмұнын қазақ және орыс тілдерінде қысқаша баяндау (жұмыстың қандай тілде жазылуына байланысты);
 - кіріспе – жұмыстың өзектілігін көрсетеді және тақырыпты, оның мақсатымен міндettерін, өткізу орнын таңдауын негіздейді;
 - негізгі бөлім – материалдар мен зерттеу әдістері; эксперименттік бөлім;

- жұмыстың қорытындысы мен оны талқылау;
- әдебиеттерге шолу жасау зерттеу мәселесі бойынша (отандық және шетелдік) әдеби мағұлматтарға қысқаша талдау жасап тұрады;
 - қорытынды (тұжырымдамалар, ұсыныстар);
 - қолданылған әдебиеттер тізімі.
- 1) титул парагында мыналар көрсетіледі:
 - жұмыс орындалған білім беру ұйымының толық атауы;
 - жұмыстың тақырыбы;
 - бағыты;
 - орындаушы (аты-жөні, сыйыбы, мектебі, (қаласы) ауданы, облысы);
 - жұмыстың жетекшісі (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, қызметі, жұмыс орны);
 - жұмыс орындалған жыл.
5. Конкурстық жұмысты қорғау үшін катысушылар көрнекі материалдарды, диаграммаларды, сызбаларды немесе макеттерді дайындауы керек.

Ү. Женімпаздарды қорытындылау және марапаттау

1. Байқау жұмыстарын бағалау келесі белгілер бойынша жүзеге асырылады:

- шығармашылық;
- ғылыми ойлау;
- тақырыптың ашылу дәрежесі;
- қолданылатын әдістердің тиімділігі;
- шешендік шеберлік, демонстрациялық материалды орындау сапасы.

2. Женімпаздар әрбір секция бойынша екі жас тобы бойынша анықталады:

- 1) 2-4 - сыйып оқушылары;
- 2) 5-7 - сыйып оқушылары.

Женімпаздар мен жүлдегерлер «Алматы Дарыны» I, II, III дәрежелі дипломдарымен және грамоталарымен марапатталады.


VI. Қаржыландыру

2-7 сыйып оқушыларының «Зерде» ғылыми жобалары мен шығармашылық жұмыстарының республикалық байқауының қалалық кезеңін қаржыландыру бекітілген сметага сәйкес жүзеге асырылады.

2-7 сыныптар «Зерде» республикалық байқауының ғылыми жобалары мен шығармашылық жұмыстарының қалалық кезеңіне қатысу нұсқаулығы

Барлық қатысушылар өз жұмыстарын «Almaty.daryny.kz» сайтында орналастыруы қажет. Ол үшін: «Almaty.daryny.kz» сайтына өтіп, ONLINE терезесін тауып, «Онлайн-ғылыми жобалар» түймесін басу керек.


Қазақша Russian English



Главная Новости О нас Раздел школьникам Раздел учителям Online Antikor

Регистрация участников на математическую олимпиаду А.Мираевой среди 8-9 классов
Онлайн олимпиады

Онлайн - Научные проекты



Әрі қарай келесі бетке өтіңіз, ол жерде **МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРДЫ ТІРКЕЛУ** түймесін басасыз:



Регистрация научных
проектов среди
учеников школ

Әрі қарай, сіз барлық өрістерді толтыру қажет тіркеу формасын көрсіз. Әр қатысушы өз бағытын тандайды (Зерде). Әркім өз бөлімін тауып, жұмыстарын тіркейді. Оқушының және жетекшінің аты-жөніндегі қателіктерге жол берілмейді!

Мектеп оқушылары арасындағы ғылыми жобаларды тіркеу

Для регистрации на сайте, пожалуйста, заполните форму. Помеченные звездочкой данные обязательны для заполнения.

Научное направление*:

Секция*:

Фамилия*:

Имя*:

ИИН участника*:

ФИО научного руководителя*:

Командные проекты

Название школы*:

Класс*:

Язык обучения*:

Регион школы *:

Район школы *:

E-mail*:
Ваш действующий электронный адрес. На этот адрес Вам будут приходить все уведомления.

Название проекта:

Файлы проекта: (zip, rar) Максимальный размер файла 10 Мб.
 Файл не выбран

Я не робот  reCAPTCHA
Придумано Google • Уровень конфиденциальности

Пожалуйста поставьте галочку, таким образом мы защищаемся от роботов, которые злостно спамят.

Жұмыс мұрағатта болуы және мыналарды қамтуы керек:

- 1) PDF форматындағы тақырып беті;
- 2) Word форматындағы жұмыс
(жұмыста қатысушы деректері болмауы керек)*;
- 3) PDF форматындағы күнделік;
- 4) Егер сізде бар болса, слайд және басқа да материалдар.

***ҚАТЫСУШЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІ (аты-жөні т.с.с.) ЖҰМЫСТА
КӨРСЕТІЛГЕН БОЛСА, ЖҰМЫСЫ КУШИН ЖОЯДЫ.**